

Тәрбие

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Хлебодаровка жалпы орта мектебі

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 111-апта 15-05 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбиесі «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы

Апта дәйексөздері- «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!)/Абай/

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.09	Сейсенбі 16.09	Сәрсенбі 17.09	Бейсенбі 18.09	Жұма 19.09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Адалдық әліппесі «Мейірімді адамдар» <i>Ойынның мақсаты:</i> «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Доппі ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды.	Адалдық әліппесі «Мейірімділік ағашы» <i>Ойынның мақсаты:</i> «ігі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жана жемістер қосуға болады.	Адалдық әліппесі «Құрметтеуді үйренеміз» <i>Ойынның мақсаты:</i> құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айттып болғанша жалғасады	Адалдық әліппесі «Адалдық шеңбері» <i>Ойынның мақсаты:</i> балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.	Адалдық әліппесі «Сыпайы өтініш» <i>Ойынның мақсаты:</i> балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзінді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлтт)	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Торғайлар мен тор»	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» «Сақинаны лақтыр»	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Күн мен түн»	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Ойын: «Тығылыспақ»	«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы» Тақия тастамақ

ық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баста және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Соң топ болып саналады. Екінші топ торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. 	Мақсаты: Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Төпе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалар ойында кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек. 	Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептеледі. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өлге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді. Ереже: 1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді. 	Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, өсік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырылатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір (қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. 	Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдықта, шапшаңдықта, ұйымшылдықта баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау Мақсаты: рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	«Жаууарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»	«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сойлеуді дамыту Менің досым Міндеті: - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады; Түсінеді: досына деген адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере біледі. -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал	Сауат ашу негіздері Дауысты дыбыстар Міндеті: -Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз Айтылатынын Қолданады: дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді. Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері, түрлі түсті суреттер. «Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы – Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса берсін. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. – Ауыл. – Иә, балалар, бұл – ауыл. Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне	Сауат ашу негіздері Дауысты дыбыстар Міндеті: - Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз Айттылатынын Қолданады: дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді. Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері, түрлі түсті суреттер, айна. Суреттермен жұмыс Педагог тақпақ ер, үзенгі, ірімшік, өткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған өзбел. Үзенгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған өзбел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Өткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы – Балалар, сендер дауысты ө, і, ө, и, ә, ү дыбыстарынан	Сауат ашу негіздері Дауысты дыбыстарды бекіту Міндеті: -Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз Айттылатынын Қолданады: дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді. Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы – Балалар, сендер дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында дауысты «а» дыбысы бар затты сары қарындашпен, дауысты дыбысы «е» бар затты қызыл қарындашпен қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, «а», «е» дауысты дыбыстары бар заттарды анықтайды. 2. Дауысты дыбыстан басталып, дауысты дыбыстан аяқталатын суреттерді қорша	Көркем әдебиет Кішкентай бағбан Міндеті: - Көпшілікке мәдениетке беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; Қолданады: мазмұнын жүйесін сақтай отырып, әңгімені айтып бере алады. Қолданылатын көрнекі құралдар: жеміс жинап жатқан балалар, екінші баланың ойын ойнап жатқан суреттері. Күзгі бақтың суреттері, интербелсенді тақта, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар «Сықырлы қоржын» ойыны Қоржында әртүрлі жемістер бар. – Балалар, қоржында не бар деп ойлайсыңдар? Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын атайды. – Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз? – Жемістер қайда өседі? – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі – оқушыны қысқа әңгімелейді. Сұрақ-жауап: – Әңгіме не туралы? Авторы кім? – Садық бақта не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің

		бірге тамақтанды. Кешкілік бөрі жөнәлады, әңгімелеседі. Балалардың жауабы тыңдалады. – Дұрыс айтасыңдар балалар, мен отбасы туралы айттым.	басталатын сөздерді ойлап айтуларын керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады. Балаларға көмек ретінде педагог дауысты дыбыстардан басталатын бір суреттен тақтаға іледі. Мысалы: етік, ірімшік, ілгіш, із, ит, өшіргіш, өгіз, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзенгі, үтік, үсік, ит, ине, имек, итқұс, илеу, елік, ерін, емізік, ешкі, есік т.б.		қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Салықтың еңбегін қалай бағлайсың? – Сен Калелдің орнында болсан, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды? (Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді).
--	--	--	---	--	--

«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

Қалай дұрыс тамақтану керек? Мақсаты: Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру. Күнделікті өмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу. Кез келген асты құрметтеуге тәрбиелеу.			
--	--	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған әлеммен танысыру Ауылдағы адам еңбегі Міндеті - Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: • адам еңбегі туралы тірек сөздерді пайдаланып, әңгімелеуге арналған тапсырмаларды жасайды; • барлық еңбек бір-бірімен байланысты екенін, адамдар бір-бірінің қажеттілігін өтеу үшін еңбектенетінін түсінеді; • адамдарының еңбегін бағалауды, дастарқандағы тағамның өңдіріс, өнім туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады.	Математика негіздері 1 саны және цифры Міндеті: -1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту Күтілетін нәтижелер: менгереді: 1 саны мен цифрын; түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін; қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 цифрларын тануды. Құрал-жабдықтар мен материалдар: №1 жұмыс дәптері, санау материалдары, үлестірмелі материалдар: №1, паровоз бен вагондар №16, цифр-жолықтар №4, цифр-пазлдар №5 парақтар), ермексаз «Сықырлы паровоз».	Математика негіздері 2 саны және цифры Міндеті: -2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айту Күтілетін нәтижелер: менгереді: 1 және 2 саны мен цифрын; түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін; қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды. Құрал-жабдықтар мен материалдар: №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1, №16 парақтар), ермексаз, цифрларды орналастыруға арналған көмекші материал	Математика негіздері 3 саны және цифры Міндеті: -3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: 3 саны мен цифрын; түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіруге керектігін; қолданады: 3 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 цифрын, заттар тобынан «артық» затты ерекшеленді. Құрал-жабдықтар мен материалдар: №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материал: № 1, № 2, паровоз бен вагондар №16, цифр-жолықтар,	Қоршаған әлеммен танысыру Жанды және жансыз табиғат Міндеті: - Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру Күтілетін нәтижелер: менгереді: жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын менгереді түсінеді: Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды қолданады Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу,
--	--	---	---	--

	Қолданылатын көрнекі құралдар: интербелсенді тақта, доп, үлестірмелі материалдар, себеттегі сүт өнімдері. Сөздік жұмысы: еңбек, еңбектену, машын. Балалар шеберге тұрады. «Өнімдер» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Адамдар не үшін еңбектенеді? Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, ісі. Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға енгізіп береді. Интербелсенді тақтадан бейнебаңдалар көрсету. Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығымен айналысатынын айтады. Педагог беті жазық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, пайдалы тағамдар бар. Қандай тағам деп ойлайсыңдар? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). – Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жамсы көреміз. Сүт қай малдың өнімі? – Сиярдікі. – Сиярды сауатын адамды қалай атайды? – Сауыншы. – Сауылған сүтті қайда апарамыз? – Сүт таситын машиналармен сүт өңдейтін зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін сүт өнімдері дүкендерге жеткізіледі.	Үлестірмелі материалмен жұмыс (№16 парақ). – Суретте қанша паровоз бар? (Бір). Қанша вагон бар? (Бір). Сахаттау үшін қанша машинист қажет болады? (Бір). Балалар көп ойыншықтың ішінен машинисті таңдайды. Кейіпкерлер – көп, машинист – біреу (жалғыз). 1 цифрмен таныстыру. Педагог түсіндіреді: машинист – біреу, бір санын 1 цифрмен белгілейміз. Доптермен жұмыс. 1-тапсырма. Бір-бірден көрсетілген заттарды белгіле. Суретте қанша зат болса, ұшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттерді қарайды. Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілейді. Суретте қанша зат болса, сонша нүкте салады. Тапсырманың орындалуын түсіндіреді: шар біреу, оған белгі саламын. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргіз. Ермексаздан жаса. Одан әрі педагог 1 цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізуді ұсынады. Саусақпен төменнен жоғары оңға қарай, тоқтамай, одан әрі солға қарай төмен түседі. 1 цифрын ермексаздан жасайды. №5 пазл қағазын пайдаланады (үлестірмелі материал).	– Суретте қанша вагон бар? (Бір) – Терезе санына қарай вагонға ертегі кейіпкерлерін орналастырындар (суреттер алдын ала педагогпен таңдалады). Балалар ойынға қатысады. Әр вагонда екі кейіпкер саяхаттауға шыға алатындығын анықтайды. Педагог тақтаға паровозды және екі вагонды іледі. Балалар кейіпкерлерді таңдап, оларды вагонға отырғызады/орналастырады. Педагог ізденіс тапсырмаларын ұйымдастырады. – Қанша паровоз бар? – Паровозға біз қанша вагон жалғаймыз? Балалармен бірге дауыстап санайды, әрбіреуін таяқшамен көрсетеді. Вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, вагон терезелерін санайды. «Екі» сөзін дауыстап қайталайды. Одан кейін педагог ұсыныс жасайды: – Терезелерді санайық: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.б. Әр вагонда 2 терезеден бар. Ойындық жаттығу. «Бір немесе екіден тұрған заттарды тап». Педагог заттар жиынтығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды. – Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар? Екі ол – «жұп» деген түсінікпен таныстырады. Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталайды: «екі», «жұп». – Бір затты қандай цифрмен белгілейміз? (1). Қос/екі затты? (2) Педагог тақтадан 1 және 2 цифрын көрсетеді.	цифр-пазлдар (№4, №5 парақтар), ермексаз, цифрларды орналастыруға арналған көмекші материал. Сөздікпен жұмыс: үш, сан, цифр. 1-тапсырма. Суретке қара. Қанша қыз және қанша ит екенін сана. Ұшыққа сонша нүкте сал. – Суретте не бейнеленген? – Қыздар нешеу? Сана. Неше ит бар? – Ұшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттегі заттарды санайды. Педагог ұшыққа сонша нүкте салуды сұрайды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындар алдында QR код арқылы, цифрды таңбалау тәртібі туралы анимация көруге болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар цифрдың үстінен саусағымен сызып, одан кейін ауада сызып үйренеді. Ауада 3 цифрын «жаз»: кіші жарты сопақшаны солдан оңға жүргізіп, одан соң қолды үзіп үлкен жарты сопақшаны жүргіз. Ермексазбен немесе басқа материалдармен тәжірибелік жұмысты жасау. «Шағыранқы сандар» дидактикалық ойыны. Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: үш бала 1-ден 3-ке дейінгі цифрларды таңдап алады. Әрқайсысы бір саннан алуы тиіс. «Тірілер» шартты дабыл белгісі бойынша балалар бөлме ішінде жүгіреді. Жүргізушінің екінші шартты дабыл белгісі бойынша барлық сандар/цифрлар рет бойынша 1-ден 3-ке дейін солдан оңға қарай тізіліп тұрады. Одан соң әр санға жеке-жеке тапсырма беріледі: өзіндегі цифр көрсететін санға сәйкес қол шапалақтау, алға қарай сонша қадам жасау және т.б. «Тірі» цифр тапсырманы орындайды және топтың басқа баласына кезек береді. Ойыншылар ауысқан соң, ойын кері басынан басталады.	топта жұмыс істеу дағдыларын артты Қолданылатын көрнекі құралдар: үлестірмелі материал, интербелсенді тақта, жұлдырғыштар, жанды және жаныс табиғатқа жататын заттардың суреттері, жана карточкалар Бізді қоршаған табиғатта өсімдіктер өседі, жануарлар тіршілік етеді. Бұлар – жанды табиғат. Олар өмірге келеді, өседі, жетіледі, көбейеді, тіршілігін тоқтатады. Жанды табиғатқа жататын да ауамен дем алады. 2-слайд. Жаныс табиғатта бұл қасиеттер жоқ. (Балалар суреттегі жаныс табиғатқа жататын заттарды атайды, неге «жаныс» деп аталатынын пайымдайды: «Құн, тас, тау, топырақ, құм, су жаныс, өйткені олар тынымсыз алмайды, қоректенбейді, өспейді, көбеймейді»). Адам қолымен жасаған заттар да жаныс табиғатқа жатады, өйткені оларды жасау үшін адам табиғи заттарды пайдаланады. Балалардың пайымдауы: «Жиназ, киім, үй – бәрі жаныс табиғатқа жатады, өйткені үй құрылымына жаныс табиғи заттар – құм, тас, ағаш т.с.с. заттарды пайдаланады. Адам жанды табиғатқа жатады, табиғаттың бір бөлігі». Педагог қысқаша қорытынды жасайды: «Табиғат – адамның қатысуынсыз пайда болған және барлық жанды табиғат беліктері өмір сүре алатын жаратылыс».
Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Жастар биі» күйі					



[https://zvyki.com/song/189377022/ZHastar bi ZHastar bi haly k j zha a demo toly n s asv satylady 87768673460/](https://zvyki.com/song/189377022/ZHastar%20bi%20haly%20k%20j%20zha%20a%20demo%20toly%20n%20s%20asv%20satylady%2087768673460/)

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі Аға, апке Міндеті: Сөздік қор. -Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жегі ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Аға мен әпкенің орнын түсініп, үлкендік, кішілік жайында айтады Түсінеді: Қазақ тіліне тән «Ғ», «Ә» дыбыстары жайлы түсінді Қолданады: Аға, әпкелер жайлы әңгімелесуді, мақал-мәтелдер айт Алматы деген балалармен таныстырамын. Танысуға дайынсыңдар ма? Жарайсыңдар. Ол үшін қолдарыңдағы ҚАЗАҚ ТІЛІ кітапшасын ашуларың керек болады. Міне керемет (бір екі баланың атын атасада болады). 1. Кітапшаның 6, 7 беттерімен жұмыс жасаймыз. Мыны суреттегі ұлдың есімі – Алматы, қыздың есімі – Аяма. 2. Суреттегі Алматының қолындағы шөйнектің түсі қандай? АҚ, көйлегі АШЫҚ КҮЛГІН және САРЫ, шұлығы ЖАСЫЛ, бантігі ҚЫЗЫЛ. 3. Алматының кеудешесі КӨК,	Қазақ тілі Аға, апке Міндеті: -Шағын өлеңдер, санамалар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Күтілетін нәтиже: Жасайды: Аға мен әпкенің орнын түсініп, үлкендік, кішілік жайында айтады Түсінеді: Қазақ тіліне тән «Ғ», «Ә» дыбыстары жайлы түсінді Қолданады: Аға, әпкелер жайлы әңгімелесуді, мақал-мәтелдер айтуды 5. Алматының жасы тоғызда, Алматының жасы сегізге ...сендерден олар үлкен бе, кіші ме? (ҮЛКЕН) дұрыс айтасың үлкен. Ендеше не дейміз? (Аға, апке) дейміз. Жарайсыңдар. 6. "А-Ға" деген сөзді буындап көрейікші? Балалар сендер өтте ақылды екенсіңдер. "Ғ" дыбысы қай жерде тұр екен? (ортағасында). Ал ӘП-КЕ деген сөзді	Сөйлеуді дамыту Менің сүйікті ойыншығым Міндеті: -«Д» - «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; - Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды; Түсінеді: ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін; Қолданады: дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды. Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді	Көркем әдебиет Тату доспыз бәріміз Міндеті: Достық туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Достарымен тату болуға тәрбиелеу Қолданылатын көрнекі құралдар: он айтқан балалар, ойнап жатқан балалар туралы суреттер, слайд, үлестірмелі материалдар. Сөздік жұмысы: әркез. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңді мәнерлеп жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлең туралы өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қол ұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынмызды білдірейік. Дос болу, тату болу – адам бойындағы жақсы қасиет. Дос деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қуанышымен бөлісіп, әрдайым жаныңнан табылатын адамды айтамыз. Достар мейірімді, тату болады. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі. Достар бір-бірін түсінеді, бірге ойнайды. – Бүгін ақын Фариза Оңғарсынованың достық, татулық туралы «Тату доспыз бәріміз» өлеңімен танысамыз.	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Тостаған Міндеті: -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу - Қазақ халқының түрлі ыды-аяқтарын мүсіндеу - Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану - Қағаз шпіндерлерден қазақ халқының ыдыстарын құрастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: үлгіге қарап торсық суретін салады, дайын торсық суретін оюмен безендіреді; түсінеді: торсықтың қандай табиғи материалдардан жасалатынын, қандай түрлері болатынын, оны қайда қолдануға болатындығын түсінеді; қолданады: жұмысты орындау барысында ептілік пен тиянақтылықты меңгереді, торсықты салу техникасын өсіне сақтап, реттілік пен бірізділік сақтайды Топтық жұмыстар жүргізу
---	--	--	--	--

шалбары СҰРЫ, және шашы ҚАРА жейдесі КӨКШІЛ, тақиясы мен желеткесінің жиектері ҚОҢЫР. 4. Жасырынбақ ойнаймыз. Осы бетте сары түс жасырынып тұр. Қансы кім табады алады екен? (етіктің ішінде), тағы қай жерде (қыз желетінің жиектерінде) жарайсың... Тағы бір жерде жасыл түс жасырынып тұр? (кесенің табанында) бөрекедді. Өтте керемет ...түстерді жақсы ажырататы екенсіңдер (көп нүктенің орнына балалардың атын айтуға болады).	буындап көрейікші, “Ө” дыбысы қай жерде тұр? (басында) Жарайсыңдар. 7. Балалардың қолдарына қарындашты дұрыстап ұстатып, бояуға тиісті жерлерді сөйкестендіріп боятамыз. Уақыт болған жағдайда мақал-мәтелдер айтамыз: «Аға-ініге ұстаз, Әпке-сіңліге ұстаз». «Аға ішкен бұлақтан Інісі де су ішеді» «Ағадан — ақыл, Ініден — ізет».		Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Өлеңде достар туралы айтылған. Достар үнемі бірге жүреді. Тату достар ойыншық, кітаптарын таласпай бөліседі. Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды. Өлең мазмұнын бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған? – Сенің досың бар ма? Досыңмен татусың ба? – Тату дос дегенді қалай түсінесің? – Дос сөзіне сөйлем құра.	
--	--	--	---	--

Қауіпсіздік сабағы : «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»

Мақсаты: балаларды төтенше қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету

-Қоңырау скриптінің негізгі элементтерін көрсету (1, 2, 3-қосымша):
Сәлемдесу және өзін сабырлы (байсалды) таныстыру.
• Мекенжай мен оқиға орнын көрсету. • Жағдайды сипаттау (не болғанын, қандай қауіп бар екенін, зардап шеккендер бар ма, жоқ па және т.б.).
• Оператордың сұрақтарына жауап беру.
Оператордың нұсқауларын орындау.
Қоңырауға дейін және қоңыраудан кейінгі тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін талқылау: • Оқиға орнында болу (егер бұл қауіпсіз болса). Оператор айтпайынша, телефон тұтқасын қоймау. • Оператордың нұсқауларын орындау және мүмкін болса, көмек көрсету. Бекітуге арналған тапсырмалар: Әртүрлі жағдайлар үшін қоңырау скриптірін құрастыру.
Мысалы: үйдегі өрт. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.

Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру: «Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104,112
Бірінші құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста. - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды. - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өмірлердің жедел топтарымен байланыста.	111

Пайдалы сілтемелер: <https://orken-institut.kz/ru/telefon-y-goryachih-liz>
<https://orken-institut.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>
https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQUa-hK_6ODD&index=1



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі Қалай спортшы болуға болады	Музыка Көңілді ырғақтар	Дене тәрбиесі Доппен ойнап, көңіліңді	Дене тәрбиесі Күзгі орманда	Музыка Көңілді ырғақтар
--	----------------------------	--	--------------------------------	----------------------------

Міндеті: - скамейканың бойымен екі қадам қиықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді, екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіруді, залдың бір шетінен екінші шетіне сап түзеп жүруді, бағу жүгіруді. Түсінеді: спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін. Қолданады: алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын «Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық	Міндеті: -Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды. Түсінеді: бидің <i>вальс, полька, халық биі</i> сияқты жанрлары болатынын. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдасев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	Міндеті: допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып ал Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді. Түсінеді: спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін. Қолданады: допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын 1. допты бір қатарға қойылған кеглі арасымен домалату. 2-3 рет 2. допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу. 2-3 рет Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүтіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».	Міндеті: - модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-біріне допты лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды. Түсінеді: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін. Қолданады: бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету. «Сілеусін» жаттығуы: бөренеден түсу. 2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алуға үйрету. Нұсқау – ұшып келе жатқан допты қолды шынтақтан бүгіп, саусақтарын ашқан күйде қағып алу. Тепе-теңдік: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру	Міндеті: -Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды. Түсінеді: бидің <i>вальс, полька, халық биі</i> сияқты жанрлары болатынын. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдасев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)
---	--	--	---	--

	сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрала. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 9 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұзбайтын ориндатуға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киелі Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Картотека № 10 «Өзге топ балаларының іс-әрекеті» Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс-әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу. Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарын жинау. Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру. Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (саусак) Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды ікемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: 1. Есігі-біреу 2. Адамның сәні Бөлмесі бөсеу Оңсыз жоқ мәні (қолғап) (киім) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Картотека № 11 Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарты, будаққабаты бұлинарды ажырату. Еңбек: Үлкендердің көмегімен ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Әткіншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Картотека № 12 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік» Мақсаты: Таспақты мәнерлеп айтуда үйрету. Үреді үйшікте, Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі ақ, бөрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абадан Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткіншек тебу. 2. Дотпы қуалау Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	Картотека № 13 Күзгі жапырақтарды бақылау Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол ікемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» таспақ Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Қыстың жазын қалтаның, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Қимылдық ойын: «Күн мен түн» «Өз орнымды тап» Мақсаты: Елтілікке баулу. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткіншек тебу 2. Қуаласпақ Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен ішеу өз-өздеріне қызмет ету				

Балалармен жеке жұмыс	Амангелді Балжан Айтбеқызы Р дыбысты дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Сундетула Жасмин Наурызбайқызы Ш дыбысын дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Шахадат Сезім Нұрмұхаммедқызы 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Әлімжан Айым «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Бітебай Асия Қайратқызы жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, жимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	Түстерді анықтау? Мақсаты: Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру	«Танграмм» Мақсаты: балалардың берілген суреттерге сәйкес пішіндер арқылы құрастыру дағдыларын қалыптастыру	Дидактикалық ойын «Жеміс» Мақсаты: жемістердің атауын атауға үйрету.	«Екі дос» (өлең) Қадір Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайымдық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны: «Бау байлап үйренеміз» Мақсаты: Балалардың қол моторикасын дамыту.
Балалардың үйге келітуі	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшілік, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететініне сеніңіз	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшілік, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететініне сеніңіз.	Өнегелі 15 минут - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	Өнегелі 15 минут 	Өнегелі 15 минут 